

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
№8 ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 23 шілде  
сағ.11:00

Өткізу форматы: күндізгі

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің Электр энергетикасы және атом саласы мәселелері жөніндегі комитет жетекшісі Е.С. Қожмамбет

Қатысқандар: энергетика вице-министрі С.Қ. Есімханов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (*тізім бойынша*), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (*тізім бойынша*).

- 1. Электр энергетикасының барлық объектілеріне шығарындылар жөніндегі экологиялық нормаларды сақтау мәніне аудит жүргізу туралы. Бұзушылықтарды міндетті түзеу мониторингімен бақылауды күшейту және бекітілген нормаларға сәйкес келтіру.**  
**Шығарындыларды тазарту жүйелері жоқ немесе бұзылған тазарту жүйелері бар объектілерді пайдалануға тыйым салу**

(А. Мусин)

1.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің электр энергетикасының барлық объектілеріне шығарындылар жөніндегі экологиялық нормаларды сақтау мәніне аудит жүргізу туралы, бұзушылықтарды міндетті түзеу мониторингімен бақылауды күшейту және бекітілген нормаларға сәйкес келтіру және шығарындыларды тазарту жүйелері жоқ немесе бұзылған тазарту жүйелері бар объектілерді пайдалануға тыйым салу туралы ақпараты назарға алынсын.

**1.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:**

- Астана қаласына қарай ластаушы заттардың шығарылуын болдырмау мақсатында штиль кезеңінде ЖЭО-дан шығарындыларды ұстап қалуға мүмкіндік беретін қосымша сүзгілерді немесе ең озық қолжетімді технологияларды (ЕҚТ) қолданудың экономикалық орындылығы мәселесін қарастырсын.

## 2. Бірыңғай сатып алушы, нарық дамуы, оң үдерістер мен перспективалар туралы

(А. Мусин)

2.1. Электр энергетикасын дамыту департаментінің директоры А.Б. Мусиннің бірыңғай сатып алушы, нарық дамуы, оң үдерістер мен перспективалар туралы ақпараты назарға алынсын.

### 2.2. Электр энергетикасын дамыту департаменті:

- экономикалық көрсеткіштерді және тәулік аймақтары бойынша тарифті, атап айтқанда, түнгі тарифті қайтарудың орындылығын қайта қарау бойынша талдау жүргізісін;

- станцияның бірегейлігін, ұтқырлығын, сенімділігін және Батыс Қазақстан бойынша сатудың ең төмен шекті тарифін ескере отырып, электр энергиясын сауда-саттықтан тыс өткізетін субъектілер тізбесіне Karabatan Utility Solutions компаниясын қосу мәселесі бойынша жәрдемдесу мүмкіндігін қарастырсын.

## 3. Ауыз су және қайта қолданылатын, айналымды суды пайдалану туралы ЖЭО-ларды тыңдау

(Д. Алиакпаров)

3.1. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті төрағасының орынбасары Д.Ж. Алиакпаровтың ауыз су және қайта қолданылатын, айналымды суды пайдалану туралы ақпараты назарға алынсын.

### 3.2. Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті:

- «Астана-Энергия» АҚ 2-ЖЭО-ның үшінші салқындату мұнарасының экономикалық тиімділігіне және пайдалы әсер ету коэффициентіне қатысты ақпарат берсін.

### 3.3. Астана қ. әкімдігі:

- «Астана-Энергия» АҚ, «Астана-Теплотранзит» АҚ-мен бірлесіп қаланың жылу желілеріндегі желілік судың карбонатты индексін төмендету мүмкіндігін қарастырсын.

Қоғамдық кеңестің Электр энергетикасы және атом саласы мәселелері жөніндегі комитет жетекшісі



Е. Қожмамбет

Қоғамдық кеңестің хатшысы



Ф. Төлеген